

«ДҮНИЕТАНУ» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУ ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Каирова А.Т.¹, Туребаева К.Ж.², Ольховая Т.А.³

*¹ докторант, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе,
Қазақстан

e-mail: kairova.akerke@mail.ru

² п.ғ.д., профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан

e-mail: turebaeva_kj@mail.ru

³ п.ғ.д., профессор, Орынбор мемлекеттік университеті, Орынбор, Ресей
e-mail: tatjana.olhovaja@mail.ru

Андатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының патриоттық мәдениетін қалыптастыруда « патриоттық мәдениет » ұғымына философиялық талдау жасау арқылы зерттеу міндеттері бойынша ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, адам және қоғам үшін маңызды құндылықтар жүйесі туралы баяндалған.

Оқу әрекетін ұйымдастыруда патриоттық мәдениетті қалыптастыруға мәдени құндылықтар жүйесі түрткі бола алады. Мәдениет «адам әлемін» сипаттайды, құндылықтар мен нормаларды, нанымдар мен рәсімдерді, білім мен дағдыларды, әдет-ғұрыптарды, тіл мен өнерді қамтиды және білім беру жүйесінде де алатын орны ерекше болғандықтан тұлға бойында құндылықтар жүйесін қалыптастыру ұстаздың абыройлы міндеті.

Қазақ халқының мәдениетіне тән құндылықтарды жандандыру, еліміздегі әртүрлі ұлттарды біріктіре отырып, шоғырландырушы рөл атқара алатын құндылықтар жүйесін қалыптастыру үшін оқу процесін ұйымдастыру тәсілдемесінде, оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру арқылы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Ғылыми әдебиеттерге шолу жасау арқылы патриотизм мен мәдениет құрылымдарының детерминизмі, патриоттық мәдениеттің құрылымында когнитивті, құндылық және эмоционалды компоненттерін анықтап, зерттеу барысында оқушылардың патриоттық мәдениетінің құрылымы жүйелі тұлғалық құндылық ретінде анықтаған.

Бастауыш сынып оқушыларының патриоттық мәдениетін қалыптастырудағы маңызды міндеті - әрбір адам өзінің патриоттық міндетін түсінуі және тұлғаның қоғамға, халыққа, Отанға деген адалдық пен сүйіспеншіліктің жоғары деңгейі патриотизмді нығайтуда адамның рухани мәдениетін дамыту мен тәрбиелеу арқылы әр адамның бойында рухани әлемінен орын алатын патриоттық мәдениет қалыптасуы керек. Осыған орай, ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, оқушылардың патриоттық мәдениетін өзара байланыста және дамуда болатын компоненттерді қамтитын құрылымы бар жүйелі тұлғалық құндылық ретінде қарастырған.

Тірек сөздер: модернизация, құндылық, патриотизм, мәдениет, патриоттық мәдениет, детерминизм принципі, аксиология, бастауыш сынып оқушылары

Кіріспе мен негізгі ережелер

Қазіргі қоғамда болып жатқан модернизация үдерісі жаңа үдерістердің қалыптасуына септігін тигізіп жатыр, кезінде қалыптасқан кеңестік дәуірдің

ыдырауынан кейін елдің әлеуметтік-мәдени өмірінің барлық салаларында қуатты өзгерістер бір жағынан, маргиналдану - адамды мәдениеттің түбірлік негіздерінен алшақтату, екінші жағынан - ұлттық патриоттық фонында қандай да бір ұлт оқшауланған кезде, ұлттық мәдениеттің құндылық-нормативтік модельдерінің айқын теңгерімсіздігі болған кезде өзін-өзі сәйкестендіру, құндылықты қайта бағдарлау жағдайында, нәтижесінде мүлдем басқа құндылық бағдарлары мен дүниетанымдық көзқарастары бар жастардың жаңа тобы өсті.

Зерттеушілер арасында осы жаңа көзқарастарды анықтауда сараптамалық бағалаудың бірлігі болмаса да (кейбіреулер жоғары мәдени және рухани құндылықтарға деген қажеттіліктің жоқтығын, мәдениет туралы білімге құлдырауын, тарихқа, ұлттық дәстүрлерге немқұрайлы қарауды айтады), ал басқалары қазіргі заманғы әлеуметтік - мәдени өмірдің әртүрлі аспектілері, мінез – құлық стереотиптерінің өзгеруіне де әкеледі деп есептейді[1]. Осыған байланысты біздің мәдениетімізге тән құндылықтарды жандандыруға негіз бола отырып, әртүрлі ұрпақтарды біріктіре отырып, шоғырландырушы рөл атқара алатын құндылықтарды қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Материалдар мен әдістер

Бастауыш сынып оқушыларының патриоттық мәдениетін қалыптастыру құрылымын жасақтауда бастауыш сынып бойынша «Дүниетану» пәнінен оқу бағдарламасын және білім беруді дамыту тұжырымдаларын негізге ала отырып, педагогикалық, психологиялық, философиялық әдебиеттерге шолу жасап, саралауды жөн көрдік. Бастауыш мектеп оқушыларының патриоттық мәдениетін қалыптастыруға оқу процесінде имитацияланған немесе нақты жағдайларда жасалған патриоттық бағыттағы әрекеттердің моральдық принципін ашатын, рефлексияға қабілетті болатындай оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру ықпал етеді және рефлексияның өзі мектеп оқушыларының патриоттық мәдениетінің құрамдас бөлігінің мазмұнын құрайтын құндылықтар туралы білім негізінде жүзеге асырылады[2]. Осыған орай, біздің зерттеуіміздегі өзекті мәселелердің бірі – жас ұрпақтың патриоттық мәдениетін қалыптастырудың құрылымын анықтау барысында зерттеу әдістері бойынша, қойылған міндеттерді шешу және қорытынды болжамдарды тексеру үшін сәйкес келетін қосымша зерттеу әдістерінің кешені қолданылды: философиялық, этикалық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау.

Нәтижелер мен талқылау

Адамзат қоғамдастығының мәдениеті, қалыптасуы, негізгі қырлары туралы білімі уақыт талабына сай дамуы оның деңгейіне байланысты, осыған орай білім беру саласының функциялары пән саласы бойынша білімді саналы түрде меңгерту үшін әдістемелік әлеуетті нығайтуға бағытталған. Бастауыш сынып бойынша «Дүниетану» пәнінен оқу бағдарламасының мазмұнында нақты пән бойынша оқу мақсаттарына сай білім, білік, дағдыларын

қалыптастыру, тұлғаның жеке қасиеттерін дамыту, пәнді оқыту барысында қоршаған ортаға, қоғамға жауапкершілігін арттыру үшін құндылықтардың маңыздылығы туралы түсінік берілген, яғни біз өз зерттеуімізде осы құндылық негізінде бастауыш сынып оқушысының «патриоттық мәдениет (құндылық)» қалыптастырудың бағыттарын қарастырамыз.

Бастауыш сыныптағы «Дүниетану» пәнін оқытудағы құндылықтық – бағдарлық тәсілдемесінде берілген анықтамада құндылықтардың мәні адамдық қасиеттерге, мінез – құлық ережелеріне, қоғамда сәтті әрекет ету үшін қажет нормаларды игеруге және тұлғаны уәждеудің маңызды факторы ретінде сипатаған[3]. Пәннің оқыту мақсатында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды тұлға бойында қалыптастыруды қарастырған. Демек, біздің зерттеуіміздегі құндылық негізінде қарастырып отырған «патриоттық мәдениет» әлеуметтік іс-әрекет мәдениетінің бөлігі болып көрінеді, оның ерекше түрі, оны қоғамды қорғау саласындағы адамдардың өзара әрекеттесу тәсілі ретінде қарастыруға болады. Осы орайда «патриоттық мәдениет» ұғымының мәнін зерттеген С. Н. Филипченконың көзқарасы тұрғысынан, «патриотизмдегі мәдениет», ал екінші жағынан, «патриоттық мәдениетті (құндылықты)» білдіреді. С. Н. Филипченконың мәдениет пен патриотизмнің өзара байланысы туралы идеяларын түсіну «мәдениет» ұғымы «патриотизм» ұғымына қарағанда кеңірек және бай екенін көрсетеді. Патриотизм мәдениеттің элементі ретінде әрекет етеді. Философиялық тұрғыдан алғанда, мәдениет «формадан» басқа ештеңе емес, патриотизм – «мазмұн». «Мазмұн» философиялық категория ретінде, өзара байланысты құрамдас элементтер, қасиеттер мен процестер жүйесін көрсетеді [4]. Мәдениет пен патриотизм осылайша «диалектикалық өзара байланысты құбылыстар» болып табылады. «Патриотизмнің аксиологиялық сипаты оны мәдениеттің өзіндік құндылығы ретінде анықтайды. Сонымен бірге мәдени құндылықтар патриоттық сезімдерді қалыптастыруға түрткі болады», - дейді С. Н. Филипченко[5].

Біз, өз зерттеуімізде өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде мәдениетті қарастырудың философиялық-тарихи, философиялық - антропологиялық тәсілдері маңызды рөл атқарады деп санаймыз, осы тәсілдер контекстінде мәдениет адамның интеллектуалды, адамгершілік, эстетикалық жетілуін білдіреді. Сонымен қатар, мәдениет адам табиғатын білдіруге көмектеседі, өзін, қоршаған әлем туралы түсінігін, оған деген көзқарасын білдіру үшін адам білімнің, өнердің, моральдық нормалардың, рәсімдердің, дәстүрлердің және адамдар өмірінің басқа да атрибуттарының бүкіл жиынтығын жасайды[6]. Ғалымдар әдебиетте мәдениеттің құндылық сияқты элементіне назар аударады, мәселен орыс философы, экзистенциалист Н.А. Бердяев: «Мәдениет пен мәдени құндылықтар, адамның шығармашылық әрекетімен жасалады, бұл адам - ғасырдың данышпандық табиғатын көрсетеді. Адам мәдениетке орасан зор сыйлықтар салды» – деп пікір білдірсе, С. Н. Филипченко мәдениеттің екі жағы бар: материалдық және құндылық – деп өз ойын тұжырымдаған. С. Н. Филипченконың пікіріне сүйене отырып, біз мәдени құндылықтарды идеал, үлгі, адамның тиісті іс - әрекетінің стандарты

ретінде қарастырамыз. Мәдени құндылықтар белгілі бір жағдайда тиісті әрекет әдісін таңдауға көмектесетін нақты нұсқаулық ретінде қызмет етеді, бұл құндылықтар іс - әрекеттің мотивтері түрінде болады және оның аясында адам жағдайды қабылдайды және белгілі бір жағдайда қалай шешім шығару керектігін таңдайды. Мәдени құндылықтар адам мен қоғам үшін маңызды, рухани, асқақ, адамгершілікті бейнелейді және тұлғаның құндылық бағдарын анықтайды. Мәдени құндылықтар оқушыларға болашақты жоспарлауға, мақсаттарды, бағдарларды анықтауға және үйлесімді дамыған, парасатты тұлғаларды қалыптастырудың бір жолы - мәдениет.

Жоғарыда келтіріліген ғалымдардың «патриотизм», «мәдениет» ұғымдарын саралай келе, «мәдениет» және «патриотизм» диалектикалық өзара байланысты құбылыстар екеніне көз жеткіздік. «Патриоттық мәдениет» «мәдениет» және «патриотизм» ұғымдарының тоғысында орналасқан. Детерминизм принципіне сәйкес мәдениет пен патриотизм өзара байланысты, яғни философиялық және әдіснамалық заңдылықтарға сүйеніп нақтылай аламыз. Мәдениет - бұл өзара байланыс бар білім, құндылықтар, әрекеттер, әрекеттер жиынтығы. Білім адамның іс-әрекетін анықтайды, құндылықтар іс-әрекеттің мазмұнды жағын анықтайды, жеке тұлғаның белсенділігін тудыратын іс-әрекеттің мотивтері түрінде болады және құндылықтардың мазмұнына сәйкес келетін іс-әрекеттің бағытын анықтайды. Құндылықтар критерийі бойынша оқушылар болашақты – өз Отанын сүйетін, елдің жалпыұлттық мүдделерін қорғай алатын адамдар қоғамын жобалайды. Мәдениет пен патриотизм элементтерінің детерминизмі патриоттық мәдениеттің құрылымында когнитивті, құндылық және эмоционалды компоненттері түрінде көрінеді (сурет. 1).



Сурет 1 - Патриотизм мен мәдениет құрылымдарының детерминизмі

Біздің ойымызша, бірқатар философиялық мәселелерге байланысты патриоттық мәдениеттің құрылымы мен мәні туралы мәселе өзекті болып табылады. Біз патриоттық мәдениет феноменіне бет бұрдық, өйткені

патриотизм қоғамдық сананың ерекше мазмұнын құрамайды, оны адамның ішкі мәдениетін қалыптастыру нәтижесінде патриоттық сезімін ояту, атап айтқанда мәдениетті сүйіспеншіліктің ең жоғары деңгейі ретінде қарастырып, жас ұрпақтың жеке қасиеттері, мінез – құлық стильдерін қалыптастыру және жүзеге асыру мақсатында оның маңыздылығына мән берілді. Осы орайда, отандық ғалым А.Айталының; « Қоғамдық сананың дамуының өз заңдылықтары бар, бүгіннен ертеңге өзгере салмайды, өткенді ұмыту мүмкін емес, сана ауыстыра салатын техникалық құрал емес , сондықтан жеке адам да, қоғам да, ғалымдар да басынан өткізеді» - деп тұжырымдаған. Бүгінгі жағдайда патриотизм - бұл қоғамдық сананың элементі ғана емес, ол дәуірдің рухани климатының квинтэссенциясы сияқты. Еліміздегі жаңартылған үдерістер патриоттық және құқықтық идеологияның өзара іс-қимылын қозғады. Қазіргі заманғы құқықтық сана патриоттық емес, әсіресе антипатриотикалық әрекеттер санын күрт азайтты [7]. Осы аталған мәселелерді ескеріп, зерттеудің өзектілігі – рухани-адамгершілік дамуының аса маңызды факторы болып табылатын жас ұрпақтың бойында құндылық негізінде «патриоттық мәдениетін» қалыптастыру.

«Патриоттық мәдениет» ұғымын зерделеу барысында біз бұл аз зерттелген мәселе екеніне көз жеткіздік және оны зерттеген ғалымдардың еңбектерін, мәселен; оқушылардың патриоттық мәдениетін қалыптастыруды Верещагина Н.И, ал болашақ педагогтардың, курсанттардың патриоттық мәдениетін қалыптастыру В. В. Сергеева, С. Н. Филипченко және әскери қызметкерлер - М. А. Мазур, В.А. Ружа қарастырған. Осы аталған ғалымдардың еңбектеріндегі патриоттық мәдениетті қалыптастырудың құрылымына жүгінсек олар «когнитивті, аффективті, мінез-құлық (конативті) компоненттерін» қарастырған. Зерттеу барысында оқушылардың патриоттық мәдениетінің құрылымы жүйелі тұлғалық құндылық ретінде анықтап, оның құрылымдық компоненттерінің мазмұны негіздеуді қолға алдық. Адам қоғамы пәнде болғандықтан оның сүйіспеншілігі өз халқына, еліне, Отанына да болу керек. Ендеше когнитивті компонент, яғни патриотизмнің компоненттері туралы ғалымдардың пікірлерін қарастыра отырып, оқушылардың патриоттық мәдениетінің құрылымына экстраполяциялануы мүмкін. Бұл, біріншіден, когнитивті компонент (білім жүйесін, патриотизм, Отан тарихы, ел қорғаушылары және т. б. туралы идеяларды қалыптастыру), екіншіден, аффективті (туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілік, тарихы мен мәдениеті, өз халқының дәстүрлеріне және т. б. жағымды эмоционалды қатынасты қалыптастыру); үшіншіден, мінез-құлық (оқушылардың отбасының, мектептің, елінің игілігі үшін іс - әрекеттер, жасау қабілетін дамыту, яғни патриоттық бағыттағы іс-шараларға белсенді және саналы түрде қатысу қажеттілігі)[8].

Патриотизмнің мінез-құлық компонентін көптеген зерттеушілер атап өтті, мәселен болашақ педагогтардың патриоттық мәдениетін зерттеген отандық ғалым В. В. Сергеева және Отан қорғаушылардың патриоттық мәдениетін зерттеуші ресейлік ғалымдар С. Н. Филипченко, М. А. Мазур,

В.А. Ружа өз еңбектерінде, Отанның пайдасына нақты іс - әрекеттерді жүзеге асыру қажеттілігін қамтыса, оқушы өз міндеттерін адал атқара отырып, сыныптастарына, жолдастарына, қарттарына, ардагерлеріне көмектесіп, патриоттық бағыттағы түрлі іс-шараларға қатыса отырып, Отанға барынша пайда әкеле алады деп атап кеткен. Курсанттардың патриоттық мәдениетін зерттеуші ғалым ресейлік ғалым С. Н. Филипченко когнитивтік компонентті патриоттық парызы, мемлекеттік идеология, саясат, жалпыадамзаттық құндылықтар ретінде қарастырса, М.А.Мазур ұлттық мақтаныш, Отанға деген сүйіспеншілік, ар – намыс, парыз ретінде «Отан мен анттың, әскери борыштың адалдығы, ар-намыс, қадір-қасиет нормаларын сақтау, тарихи және мәдени мұраны құрметтеу- деп пікір білдірген[9]. Біз осы ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, оқушылардың патриоттық мәдениетін өзара байланыста және дамуда болатын компоненттерді қамтитын құрылымы бар жүйелі тұлғалық құндылық ретінде қарастырдық, ол төмендегі сызба арқылы бейнеленген:



Сурет 2 - Бастауыш сынып оқушыларының патриоттық мәдениетінің құрылымы

Бастауыш сынып оқушыларын «Дүниетану» пәні бойынша оқу әрекетін ұйымдастыруда патриоттық мәдениеттің өзегі - құндылықтар (борыш, қадір - қасиет, Отанға деген сүйіспеншілік, ар – намыс және т.б.) болып табылады, олар іс - әрекеттің мотивтері түрінде бола отырып, сыныптың, мектептің, елдің игілігіне бағытталған, адамдардың қоғамдық мойындауы мен құрметін тудыратын іс - әрекеттерді және адам - патриотқа лайық әрекеттерді сипаттайды. Біз осы жеке білім берудің жеке компоненті ретінде эмоционалды компоненті бөліп көрсетпейтінімізді ескереміз. Бұл бастауыш сынып оқушыларының, Отан тарихы туралы білімдерін қалыптастыру кезінде де, құндылықтармен таныстыру кезінде де, іс - әрекеттер мен әрекеттерді жүзеге асыру кезінде де сезімдер бөлек орын алмайтындығымен

түсіндіріледі, себебі сезімдер оқушының барлық іс-әрекеттеріне байланысты енеді[10].

Когнитивті компонент: Отан тарихы, батырлық, Отан қорғаушылар және олардың даңқтары, халықтардың дәстүрлері туралы білімді қалыптастырса, құндылық компоненті: мектеп оқушыларының патриоттық мәдениетінің құндылық компонентінің мазмұны адалдық, жақсылық, парыз, қадір - қасиет, Отанға деген сүйіспеншілік, жауапкершілік, патриоттық сезім, табиғат, ар - ождан, өзіне деген талапшылдық, құрмет, адалдық, ар-намыс сияқты құндылықтарды құрайды[11].

Біздің ойымызша, оқушылардың патриоттық мәдениетін қалыптастыру кезінде жауапкершілікке тәрбиелеу маңызды рөл атқарады. Жауапкершілік сезімі, әсіресе, сұрақ қоятын оқушының іс - әрекетін бағыттап, басшылыққа алуы керек: білім алушылар тәртіпті, нормаларды, ережелер мен талаптарды сақтай отырып, тапсырмаларды орындауда жауапкершілікке жатады. Тапсырманы орындау барысында мұғалім оқушыларға өз іс - әрекеттерін, рефлексияларын бақылауға, есеп беруге және не істеуге болатынын және не істемейтінін түсінуге көмектеседі. Оқу бағдарламасының мазмұнында да осы жауапкершілікті сезіну, өзін - өзі көрсету және өзін-өзі жүзеге асыру, әлеуметтік тану қажеттілігі және т.б. құндылықтарды қарастырған. Мектеп оқушыларының патриоттық мәдениетінің құндылық компонентінің мазмұнына біз мына: мектеп оқушыларының ұрпақтар сабақтастығын сақтауы, өз елінің өткеніне, дәстүрлеріне, мемлекеттік рәміздеріне, тарихи және мәдени мұраларына, ел қорғаушыларына құрмет көрсету, соғыс және еңбек ардагерлеріне құрмет көрсету, мерекелерге белсенді қатысу, жобаларда, акцияларда, патриоттық бағыттағы іс-шараларда тапсырмаларды орындау, қадір-қасиеті, айналасындағыларға қолдан келгенше көмек көрсету, ұжымға, қоғамға, елге игілік үшін өмірлік жағдайларда адамгершілік таңдауды жүзеге асыру, Отанға қызмет етуге, әскерде қызмет етуге дайындық тәрізді іс-әрекеттерді жүзеге асыруды қолға алдық.

Қорытынды

Біз өз зерттеуімізді қорытындылай келе, патриоттық мәдениет - қоғамға, халыққа, Отанға деген адалдық пен сүйіспеншіліктің ең жоғары деңгейі. Өскелең ұрпақты өз Отанының тарихына құрметпен қарау рухында тәрбиелеу жолдарының бірі - жеке тұлғаның әлеуметтік мәдениетінің бөлігі ретінде патриоттық мәдениетті қалыптастыру болып табылады, оның ішінде жалпы ұлттық рухани құндылықтарды қабылдау негізінде өзін елінің азаматы ретінде сезіну және моральдық құндылықтар, еліне деген сенім, патриоттық сезім мен азаматтық ынтымақтастықты дамыту болып табылады.«Дүниетану» пәнінің мақсатына сай оқу әрекетін ұйымдастыруда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде «патриоттық мәдениет» әлеуметтік мәдениеттің бір бөлігі ретінде тарихи тәжірибе жинақтаған сайын дамиды және патриоттық сана мен адамдардың мінез-құлқының жаңа және дәстүрлі элементтерінің үйлесуіне негізделген жағдайда, дәл осы қасиет қоғамға жетістіктерді жинақтауға және қоршаған

ортаның өзгеруіне бейімделу қабілетін жақсартуға мүмкіндік береді. Оқушылардың патриоттық мәдениетін қалыптастыру – ұлттық бірегейлікті сақтаудың, адамдарды негізгі құндылықтар негізінде біріктірудің тікелей жолы.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін «Дүниетану» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Кіру режимі: URL: <https://wku.edu.kz/images/usm/bastauysh/dynietanu.pdf> .[Қаралған күні: 30.08.2023]
- [2] Ғабитов Т. Мәдени - философиялық энциклопедия: энциклопедия . – Алматы, 2019. – 344 б.
- [3] Филиппченко С. Н. Формирование патриотической культуры студентов //Известия Саратовского университета. Сер. Философия. Психология. Педагогика – 2011. - № 11. – С. 106–109.
- [4] Масалимова А. Культурная антропология: учебник. – Алматы, 2009. – 187 с.
- [5] Арын Е. Орысша - қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика . – Павлодар, 2006. – 482 б.
- [6] Сергеева В. В. Модель формирования патриотической культуры будущих педагогов и технология ее реализации в педагогическом вузе //Мир науки, культуры, образования – 2012. – № 6(37). – С. 262–265.
- [7] Айталы А. Рухани жаңғыру – ұлттық құндылықтарға сүйіну, ұлтсыздыққа күйіну //Егемен Қазақстан, - 2019. - № 66. – 7 б.
- [8] Ружа В. А. Патриотическая культура и ее измерения //Современные исследования социальных проблем – 2012. – № 6(14). – С. 72–74.
- [9] [9]. Ефименко Н. А. Патриотическая культура как категория философско – культурологического знания //Культурная жизнь Юга России – 2011. – № 2(40). – С. 98–99
- [10] Мазур В. А. Психолого-педагогический анализ сущности понятия «патриотическая культура». - Режим доступа: URL: <https://www.elibrary.ru/contents.asp?id=33849403> [Дата обращения: 14.09.2023]
- [11] Верещагина Н. И. Модель формирования патриотической культуры школьников. - Режим доступа: URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=30764279> [Дата обращения: 18.09.2023]

REFERENCES

- [1] Bastauyş bılım беру deñgeiniń 1-4-synypтары үшiн «Düniетanu» pәni бойыңша ülgilik оqu baғdarlamasy (Standard curriculum on the subject " World Studies " for grades 1-4 of the level of primary education). - Kiru rezhimi: URL: <https://wku.edu.kz/images/usm/bastauysh/dynietanu.pdf> [Qaralğan küni: 30.08.2023]. [in Kaz]
- [2] Ğabitov T. Mädeni - filosofialyq ensiklopedia: ensiklopedia (Cultural and philosophical encyclopedia: encyclopedia). – Almaty, 2019.– 344 b. [in Kaz]
- [3] Filipchenko S. N. Formirovanie patrioticheskoi kul'tury studentov) Formation of patriotic culture of students) //Izvestiya Saratovskogo universiteta. Ser. Filosofiya. Psikhologiya. Pedagogika– 2011. - № 11. – S. 106–109. [in Rus]
- [4] Masalimova A. Kul'turnaya antropologiya: uchebnik (Cultural anthropology: textbook) – Almaty, 2009. – 187 s. [in Rus]
- [5] Aryn E. Oryssa - qazaqsa tüsındırme sözdik: Pedagogika (Russian-Kazakh Explanatory Dictionary: pedagogy). – Pavlodar, 2006. – 482 b. [in Kaz]
- [6] Sergeeva V. V. Model' formirovaniya patrioticheskoi kul'tury budushchikh pedagogov i tekhnologiya ee realizatsii v pedagogicheskom vuze (Model of formation of

patriotic culture of future teachers and technology of implementation in the Pedagogical University) //Mir nauki, kul'tury, obrazovaniya – 2012. – № 6(37). – S. 262–265. [in Rus]

[7] Aitaly A. Ruhani jaňgyru – ũlttyq qũndylyqtarǵa sũinu, ũltsyzdyqqa kũinu (Ruhani zhangyru-love for national values, sorrow for nationality) //Egemen Qazaqstan, - 2019. - № 66 – 7 b. [in Kaz]

[8] Ruzha V. A. Patrioticheskaya kul'tura i ee izmereniya (Patriotic culture and its dimensions) //Sovremennye issledovaniya sotsial'nykh problem. – 2012. – № 6(14). – S. 72–74. [in Rus]

[9] Efimenko N. A. Patrioticheskaya kul'tura kak kategoriya filosofsko – kul'turologicheskogo znaniya (Patriotic culture as a category of philosophical and culturological knowledge) //Kul'turnaya zhizn' Yuga Rossii– 2011. – № 2(40). – S. 98–99. [in Rus]

[10] Mazur V. A. Psikhologo-pedagogicheskii analiz sushchnosti ponyatiya «patrioticheskaya kul'tura» (Psychological and pedagogical analysis of the essence of the concept of "patriotic culture") –Rezhim dostupa: URL: <https://www.elibrary.ru/contents.asp?id=33849403>. [Data obrashcheniya: 14.09.2023] [in Rus]

[11] Vereshchagina N. I. Model' formirovaniya patrioticheskoi kul'tury shkol'nikov. (Model of formation of patriotic culture of schoolchildren). – Rezhim dostupa: URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=30764279> [Data obrashcheniya: 18.09.2023] [in Rus]

ФОРМИРОВАНИЕ ПАТРИОТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ШКОЛЬНИКОВ МЛАДШИХ КЛАССОВ В ПРОЦЕССЕ ОРГАНИЗАЦИИ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПО ПРЕДМЕТУ «ПОЗНАНИЕ МИРА»

*Каирова А.Т.¹, Туребаева К.Ж.², Ольховая Т.А.³

*¹докторант, Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова,
Актобе, Казахстан
e-mail:kairova.akerke@mail.ru

²д.п.н., профессор, Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова,
Актобе,Казахстан
e-mail:turebaeva_kj@mail.ru

³д.п.н., профессор, Оренбургский государственный университет, Оренбург,
Россия
e-mail: tatjana.olhovaja@mail.ru

Аннотация.В данной статье, на основе работ ученых по исследовательским задачам, описывается система ценностей важных для человека и общества, путем проведения философского анализа понятия «патриотическая культура» в формировании патриотической культуры учащихся младших классов.

При организации образовательной деятельности система культурных ценностей может мотивировать формирование патриотической культуры. Культура описывает «человеческий мир», включает в себя ценности и нормы, верования и ритуалы, знания и умения, обычаи, язык и искусство, и поскольку она занимает особое место в системе образования, почетной обязанностью учителя является сформировать систему ценностей у человека.

Достичь результатов можно, организовав и реализовав образовательную деятельность с точки зрения определенных ценностей, чтобы возродить ценности, характерные для культуры казахского народа, которая может сыграть консолидирующую роль учитывая много национальность нашей страны. Путем обзора научной литературы выявлена детерминированность структур патриотизма и культуры, когнитивного,

ценностного и эмоционального компонентов структуры патриотической культуры, а также в ходе исследования определена структура патриотической культуры обучающихся как системной личностной ценности.

Важной задачей формирования патриотической культуры учащихся младших классов является дать каждому понять свой патриотический долг и показать, что человек обладает высоким уровнем лояльности и любви к обществу, людям, Родине. Для укрепления патриотизма необходимо формирование патриотической культуры, которая имеет место в духовном мире каждого человека через развитие и воспитание духовной культуры человека. В связи с этим, обосновываясь на мнениях различных ученых, мы рассматривали патриотическую культуру школьника, как системную личностную ценность, имеющую структуру, включающую в себя взаимосвязанные и развивающиеся компоненты.

Ключевые слова: модернизация, ценность, патриотизм, культура, патриотическая культура, принцип детерминизма, аксиология, учащиеся начальных классов

DEVELOPING THE PATRIOTIC CULTURE OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS IN THE EDUCATIONAL PROCESS OF THE SUBJECT "KNOWLEDGE OF THE WORLD"

*Kairova A. T.¹, Turebaeva K. Zh.², Olkhovaya T. A.³

*¹doctoral student, Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

e-mail:kairova.akerke@mail.ru

²d.p.s., professor, Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

e-mail:turebaeva_kj@mail.ru

³d.p.s., professor, Orenburg State University, Orenburg , Russia
e-mail: tatjana.olhovaja@mail.ru

Abstract. This article, based on the works of scientists on research tasks, describes a system of values important to man and society by conducting a philosophical analysis of the concept of "patriotic culture" in the formation of patriotic culture of elementary school students.

When organizing educational activities, the system of cultural values can motivate the formation of patriotic culture. Culture describes the "human world", includes values and norms, beliefs and rituals, knowledge and skills, customs, language and art, and since it occupies a special place in the education system, it is the teacher's honorable duty to form a system of values in a person.

It is possible to achieve results by organizing and implementing educational activities from the point of view of certain values in order to revive the values characteristic of the culture of the Kazakh people, which can play a consolidating role given the many nationalities of our country. By reviewing the scientific literature, the determinism of the structures of patriotism and culture, cognitive, value and emotional components of the structure of patriotic culture was revealed, and the structure of the patriotic culture of students as a systemic personal value was determined during the study.

An important task of forming the patriotic culture of elementary school students is to make everyone understand their patriotic duty and show that a person has a high level of loyalty and love for society, people, and the Motherland. To strengthen patriotism, it is necessary to form a patriotic culture, which takes place in the spiritual world of each person through the development and upbringing of a person's spiritual culture. In this regard, basing on the opinions of various scientists, we considered the patriotic culture of the student as a systemic personal value having a structure that includes interrelated and developing components.

Keywords: modernization, value, patriotism, culture, patriotic culture, the principle of determinism, axiology, primary school students

Статья поступила 03.10.2023